

ҚАЗАҚ БҰЛБҰЛЫ

Қазақтың профессионалдық музыка мәдениетінің, операсының негізін қалаған Қалибек, Әміре, Иса, Құрманбек, Серке, Манарбек, Жүсіпбек, Қанабек, Әнуарбек секілді дарындар десек, осы топқа ерекше талантымен қосылған Күләш асқақ әнші болумен бірге сахна өнерінің бүкіл қыры мен сырын игеруге бар күшін жұмсап, талмай ізденіп, үйреніп, өнердің өзінен бұрынғы жұлдыздарын қайталамай, бірегей биікке көтерілген сахна саңлағы ретінде танылды. Ол бұл жолда ерінбей еңбек етіп, өнер шыңына шарықтап тез көтерілді.

Күләш бұрынғы Верный қаласында, кедей шаруаның семьясында дүниеге келген. Етікшілікті кәсіп еткен әкесі Жасынның тапқаны тамағына бірде жетіп, бірде жетпейді екен. Осындай жағдайда өскен баланы өмір еркелетпейді, ата-анасына сүйеніш болу үшін Күләш еңбекке жастайынан араласады. Әкесі ермек үшін ыңылдап айтып отыратын әндерді Күләш құлағына құйып, кекирегіне тоқып береді. Ол әуендерде батырлар, ғашықтар туралы жыр-дастандар да, Жібек те, Ақжүніс те, Сара да бар болатын. Болашақ әншінің ұшқан ұясы осындай халықтық мұраны бойына сіңірген бай орта еді.

К.Байсейітова Алматыдағы тәжірибе-үлгі мектебінде, кейіннен педагогикалық институтта оқығанда драма үйірмелеріне қатысып ән салады, қалалық өнерпаздар байқауларында жүлде алып жүреді. Сөйтіп, сол кездің өзінде-ақ көпшілікке таныла бастайды. Осы кезде музыкалық дарыны бар балаларды іздеп жүрген, құрамында Құрманбек Жандарбеков, Серке Қожамқұлов, Қалибек Қуанышбаев бар комиссияның назарына ілігеді. Олар Күләштің әншілік, актерлік қабілетін бірден аңғарады, сөйтіп ол 1930 жылы жаңадан ұйымдасып жатқан Қазақ драма театрының табалдырығын аттап, бірқатар драмалық пьесаларда басты рөлдерді ойнайды.

1934 жылы Қазақ музыка театры өз шымылдығын М.Әуезовтің «Айман-Шолпан» атты музыкалық пьесасымен ашты. Бұл әншінің тұңғыш жасаған музыкалық сахналық бейнесі еді. Содан кейін «Шұға», «Қыз Жібек» қойылды. Күләш мұнда да басты рөлдерді орындады. 1938 жылы композитор Е.Брусиловский «Қыз Жібекті» опера етіп жазып, ол қайта қойылды. Қазақ операсының тұңғышы осы «Қыз Жібек» болды. Жібек рөлі Күләш Байсейітоваға тапсырылды. Жібек – нәзік жанды, адал жүректі лирикалық тұлға. Күләш жасаған Жібек бейнесі осы айтылған қасиеттердің бәрін бойына жинай білді. Ару Жібектің түр-сипатын, кескін-келбетін, жан дүниесін бейнелеуде әншінің рөлі ерекше десек, бұл орайда Күләштен артық әншіні табу ол тұста мүмкін емес еді.

Е.Брусиловский аталмыш операны жазуды қолға алып, Жібек рөлін Күләш ойнайды деп ұйғарылғаннан бастап-ақ әншінің жарғақ құлағы жастыққа тимей, әкесі айтатын жырдан белгілі Жібек бейнесін есіне алып, оны операда қалай ойнауды ойлап-толғанады. Төлегеннің алдында өзін қалай ұстап, әнді қалай айту керектігіне дейін ерінбей қайталап, шарқ ұра ізденеді.

Соның арқасында көрермен көңіліне ұялап қалған мәңгілік бейне – Қыз Жібек дүниеге келеді. Содан бастап Күләш шырқаған «Гэкку» әншілердің ғана емес, бүкіл халқымыздың жалықпай тыңдайтын сүйікті әніне айналды. Сондықтан да:

Аралап талай жердің дәмін таттым
Құс салып айдын көлге дабыл қақтым,

деп аталатын «Гэкку» бүгін де бірден Күләшті еске түсіреді.

1936 жылы Мәскеуде өткен Қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігі кезінде «Қыз Жібек» жайлы «Правда» газетінде айтылған лебізде: «Қыз Жібек» рөлін орындайтын Күләш Байсейітова Қазақстанның ең сүйікті актрисасы болып саналады. Байсейітованы сахнадан ең болмағанда бір рет көрген адам бұл сөздің шындығына еш күмән келтірмейді. Актриса Байсейітованың бойында еріксіз баурап алатын орасан зор күш бар», – делінген болатын.

Күләш Е.Брусиловскийдің бұдан басқа опералары: «Жалбырда» – Хадиша, «Ер Тарғында» – Ақжүніс, «Алтын астықта» – Айша, «Гвардия, алғада!» – Сайра. А.Жұбанов пен Л.Хамидидің «Абайында» – Ажар, «Төлеген Тоқтаровта» – Люба, М.Төлебаевтің «Біржан-Сарасында» – Сара образдарын жасады. Сондай-ақ П.Чайковскийдің «Евгений Онегин» операсындағы – Татьяна, З.Палиашвилидің «Даиси» операсындағы – Маро, Дж.Пуччинидің «Чио-Чио-санындағы» – Чио-Чио-сан, Н.Жигановтың «Алтыншашындағы» – Алтыншаш бейнелері қазақ операсының тарихында қайталанбас өрнегімен мәңгі қалды.

Осылардың ішінде қазақ тілінде тұңғыш қойылған еуропалық опера – «Чио-Чио-сан». Мұнда да Күләштің актерлік, әншілік өнері барлық қырынан жарқырай көрінді. Осы операны қазақ сахнасына шығарған сыйлықтың лауреаты, көрнекті совет режиссері Наталья Сац Күләш туралы: «Өмір мені әр алуан жаңалығына қарық еткен-ді, үлкен-үлкен табыстарымен де талай аялаған, бірақ 1944 жылдың 14 мамырында Қазақстанда «Чио-Чио-санның» премьерасында басымнан өткерген мереке – өмірімдегі ең бір қымбат мереке шығар!.. Сахна мен оркестрдегі күллі артистерді құшақтап сүйгім келді. Асқан таланты үшін, өзім тапқан асылымды абайлап игеріп, шашпай-төкпей, менің өзімнен де асырып, байытқанын көрсеткені үшін ең алдымен Күләш Байсейітованы құшақтап сүйгім келді», – деуі ұлы актрисаға берілген үлкен баға болатын. Бұл – Күләштің бір операдағы рөлі туралы ғана білдірілген лебіз. Ал барлық операларда сомдаған күрделі тұлғаларды сарапқа салсақ, әнші-актердің талант табиғатының құдіретті күшін аңғарамыз.

Осындай құдіретті талант қазір арамызда жоқ. Бірақ оның жарқын бейнесі халық жүрегінде мәңгі сақталмақ. 1936 жылы Алматыда Қазақ әдебиеті мен өнерінің Мәскеуде өткен онкүндігіне арналған «Советтік өнер» атты дыбысты журналда «Қыз Жібек» операсы көрсетіліп, көрермендер сұлу Жібекті мүсіндеген жас актрисамен танысқан еді. 1969 жылы «Қазақфильм» «Біздің Күләш» атты деректі фильм жасап шығарды. Сондай-ақ Қазақ ССР-інің әдебиет, өнер және архитектура саласындағы мемлекеттік сыйлығымен қатар,

театр және кино өнері саласындағы еңбектерге Күләш Байсейітова атындағы сыйлық тағайындалды. Үлкен әншінің есімі республиканың арнаулы музыка мектебіне, Алматыдағы өзі тұрған көшеге қойылды. Әрбір төрт-бес жылда астанада Күләш Байсейітова атындағы әншілер конкурсы өтіп тұрады.

Белгілі суретші Г.Исмайлованың қаламынан туған Қыз Жібек киіміндегі Күләштің портреті Абай атындағы опера және балет театрында орын алған. Ал 1981 жылы «Өнер» баспасынан шыққан «Қазақстан бейнелеу өнерінің шеберлері» деген альбомға енген, қазақ қыздарына шыққан тұңғыш суретші, Қазақ ССР халық суретшісі Айша Ғалымбаеваның «Күләштің жас шағы», «Күләш әндері» атты туындылары ұлы әншінің нағыз көркем бейнесі деуге болады.

Күләштің концерттік қызметі де бір төбе еді. Оның репертуарында «Шилі өзен», «Гэкку», «Майра», «Жас келін», «Ақ дарига», «Елім-ай», «Еңліктің әні» тағы басқа халық әндері, Совет Одағы халықтарының әндері, Қазақстан композиторларының шығармалары болды. Сондай-ақ, қазіргі кең таралған Л.Хамидидің «Қазақ вальсі», «Бұлбұл», Е.Брусилловскийдің «Қос қарлығаш», М.Ержановтың «Қуанамын» әндерін алғаш Күләш орындады.

К.Байсейітованың еңбектері жоғары бағаланып, ол СССР Мемлекеттік сыйлығының екі мәрте лауреаты атанды, сондай-ақ Ленин және Еңбек Қызыл Ту ордендерімен марапатталды. Халқымыздың бұлбұл қызы атанған Күләштің ғажайып сазды дауысы өнер сүйер ұрпақ үшін мәңгі сарқылмас қазына болып табылады.

Күләш Байсейітова / Құраст. Аклима Омарова. – Алматы: «Өнер», 2012. – 123-126 б. (қазақша, орысша)